

Ермекбаева Айнур Шокановнаның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы 8D02205 – «Археология және этнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы жөнінде отандық ғылыми кеңесшінің

ІШКІРІ

Қарастырылып отырған диссертациялық зерттеудің нысаны өзінің ғылыми танымдық жағынан да, ғылыми-практикалық өзектілігі тұрғысынан да маңызды мәселелердің бірі де бірегейі де отандық музейлердегі этнографиялық коллекцияны жан-жақты зерттеуге бағытталып отыр. Біріншіден, кез-келген музейлік артефактілер сынды этнографиялық құндылықтар да өзінің көрнекілігімен және басқа тарихи дерек категорияларында кездесе бермейтін нақтылығымен, яғни репрезентативтілігімен де ерекше дараланады. Олай болса этнодеректердің бұл тобы, сөз жоқ, кез-келген этнологиялық зерттеу үшін бірінші кезекте ең құнды мәліметтер алынатын ақпарат көзі болып табылады. Екіншіден, диссертацияда сөз болып отырған этноартефактілер қазақтың дәстүрлі мәдениетін дәріптеудің бірден-бір мүмкін құралы функциясын да атқарады. Яғни бұлардың музейлік мәнді құндылық ретінде де танымдық тағылымы өлшеусіз. Үшіншіден кезінде дәстүрлі қазақ ортада ғана пайда болып, сан алуан тіршілікқамы, ғұрыптық, наным-сенімдік функциялар атқарған этноартефактілер өздерінің қайталанбас болмыс-бітімімен ерекшеленеді. Демек диссертацияның тақырыбы күні бүгінге дейін мүлдем зерттелмеген этнографиялық артефактілердің құрамын, әр музейдегі, ең алдымен республикалық деңгейдегі музейлер қорларындағы этнографиялық құндылықтардың температуралық, ылғалдық, жарық режимдері параметрлері бойынша сақталуын, сондай-ақ олардың зерттелуі мен дәріптелуі барысын талдауға арналып отыр.

Диссертацияда зерттелген артефактілердің географиясы ауқымды – республикадағы ең ірі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі (одан әрі Орталық музей) мен үстіміздегі жылы ғана қалыптасқанына небәрі он жыл толған Қазақстан Республикасы Ұлттық музей қорлары және экспозициясындағы құндылықтар ғана емес, көптеген облыстық және кейбір аудандық музейлердегі этноартефактілер қарастырылды. Сонымен бірге диссертациялық зерттеудің хронологиялық диапазоны да кең – XIX ғасырдың 30-жылдарынан бері кейбір этнодеректердің қорлану үрдісінен басталып (Орталық музейдің ұйымдық-институционалық бастауы іспеттес Орынбор қаласындағы әйгілі Неплюев әскери училищесінің жанындағы «museum» қорына 1831 жылы түскен алғашқы этнографиялық бұйымдар және т.б.) қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтиды. Диссертацияның тақырыбының мұндай хронологиялық және географиялық ауқымының кеңдігі докторантқа көздеген ғылыми мақсат пен осыдан туындайтын

міндеттерді жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Сөйтіп диссертант отындық музей қорларындағы және экспозициядағы этноартефактілердің құрамын, олардың сақталу күйін, зерттелу барысын, сондай-ақ дәріптелу деңгейін ғылыми негіздеп көрсетті. Осы ретте зерттеуші қолданған екі іргелі тәсілдің шешуші маңызы болғандығын ерекше атап өткім келеді: біріншісі, контекстуалдық зерделеу арқылы тиісті артефактінің түрін және кезінде, яғни тиісті этномәдени ортада ол атқарған сан-салалы функциясы ашылды. Екіншіден, мұндай контекстуалдық тәсіл өз кезегінде әрбір артефактінің түрлік болмысын зерделеуге мүмкіндік берді. Осылайша зерттелініп отырған артефактілердің типологиясы мен ғылыми-танымдық маңызы айқындалды.

Қарастырылып отырған диссертацияның ден қойдырар тағы бір қыры – оның қазіргі кезеңде аса өзекті мәселе болып табылатын отандық музей қорларындағы этноартефактілердің әртүрлі түрлерінің сақталу күйі мен деңгейінің арнайы зерттелгендігін айту қажет. Бұл авторға, өкінішке орай, қарастырылған этнографиялық құндылықтардың басым көпшілігінің жай-күйі сын көтермейтіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Гәп отандық музейлердегі этноартефактілердің жарық, ылғал және температура режимдерінің қатаң сақтала бермейтіндігі жөнінде болып отыр.

Диссертацияда аталмыш артефактілердің дәріптелу және зерттелу деңгейінің де арнайы зерттелінуі автордың тағы бір атап өтуге әбден боларлық шығармашылық жетістігі дер едім. Осы ретте автор жан-жақты ғылыми талдап атап көрсеткендей, Орталық музей мен Ұлттық музей құндылықтарын зерттелуі де дәріптелуі де біршама жақсы жолға қойылғанымен, аймақтағы (облыстық және аудандық) музейлердегі артефактілердің ел арасында дәріптелу деңгейі сын көтермейді. Ал аталмыш музейлердегі ғылыми-зерттеу жұмысы жоқтың қасы десек асырып айтқандық болмайды. Бұл одағай олқылықты диссертант, ең алдымен, әсіресе, аймақтық музейлердің кадрлық потенциалының тым әлсіз екендігімен түсіндіреді. Оның үстіне бұл музейлердің материалдық-техникалық базасының да жай-күйі (соның ішінде ұйымдық тұрғыдан да) музейлік құрылыс саласындағы халықаралық стандартқа мүлдем сәйкес емес. Осыған байланысты автор отандық музейлерді, соның ішінде, әсіресе аймақтық музейлерді бірінші кезекте ғылыми кадрлармен қамтамасыз етудің қажеттілігіне назар аударады. Сондай-ақ, диссертанттың ден қойдырар пікірінше, отандық музейлер өздерінің материалдық-техникалық базасын күшейте түсуге де ерекше зәру. Әсіресе аймақтық музейлердің қазіргі орналасқан ғимараттары өзінің архитектуралық бітімі жағынан халықаралық стандартқа толық сай емес.

Сонымен бірге Орталық музей мен басқа аймақтық музейлердің мәдени-білім және ғылыми-зерттеу іс-тәжірбиесін өзара салыстыра зерттеу негізінде диссертант төмендегідей ғылыми негізделген ой-тұжырым жасайды: Орталық музейдің іс-тәжірбиесі айқын көрсеткендей, музейдің ұйымдық құрылымы ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде жасақталғанда ғана ол өзіне тиесілі ғылыми-зерттеу жұмысын тиімді жүргізе алады.

Диссертацияның аталған жайттары еңбектің теориялық қана емес, практикалық та маңызының жоғары екендігін айғақтайды.

Сонымен құрылымы кіріспе, төрт тарау мен қорытындыдан және әдебиеттер тізімі һәм тиісті қосымшадан тұратын диссертацияда А.Ш. Ермекбаева өзінің зерттеуші ретіндегі алға қойған мақсаты мен міндеттерін толық орындады. Яғни өз бетімен жекедара зерттеу жүргізуге қабілетті зерттеуші ретінде қалыптасқандығын толық көрсетті. Демек, Ермекбаева Айнуір Шокановна «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» атты диссертациясын толық аяқталған құнды еңбек және қорғауға лайықты деп санаймын.

Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институтының

бас ғылыми қызметкері, тарих

ғылымдарының кандидаты, профессор



Нұрсан Әлімбай